

**ЖШС «Мирас KZ-2030» бөбекжай-бақшасы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу  
бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
«Еркетай» мектепалды даярлық тобы**

**Тәрбиеші: Уанасова Қ.**

**Тараз қаласы**

**«Бекітемін»**  
**«Мирас KZ-2030» бөбекжай-бақшасының**  
**Директоры: Умарова Г.А.**



**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: «Еркетай» мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>қыркүйек</b>	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру. Тізені жоғары көтеріп жүру. Заттардан бір қырымен аттап жүру.  <b>Жүгіру.</b>                  Шашырап жүгіру. Жұппен жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.  <b>Тепе-теңдік сақтау:</b> Заттардан аттап жүру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Журумен жүгіруді алматырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. Кедергілер арасынан еңбектеу. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр). Гимн. скамейка бойымен қолымен тартылып өрмелеу.  <b>Секіру:</b> Бір орнында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру. Түзу бағытта (арақашықтығы 6м) қос аяқпен секіру.  <b>Лақтыру:</b> Қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және бір қолымен (оң және сол қолын алмастырып қағып алу). Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу.  <b>Сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>                  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.  <b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>                  Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.  <b>Шығармашылық сөйлеу әрекеті:</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
<b>Қазақ тілі</b>	Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу барысында негізгі ұғымдарды еркін қолдана алуға үйрету.
<b>Математика негіздері</b>	<b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. <b>Сан және санау.</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. <b>Шама:</b> Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу. <b>Геометриялық фигуралар:</b> Шеңбермен және тіктөртбұрышты салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. <b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту; заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта) <b>Уақытты бағдарлау:</b> әртүрлі оқиғалардың, апта күндері туралы білімді бекіту. <b>Тәулік бөліктерінің ауысуын:</b> («кеше», «бүгін», «ертең») оқиғалардың ретін анықтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. <b>Еңбекке баулу.</b> Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. <b>Табиғатпен таныстыру</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. <b>Өсімдіктер әлемі:</b> Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. <b>Жануарлар әлемі:</b> Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың

	төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.
<b>Сурет салу</b>	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
<b>Музыка</b>	Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. <b>Музыка тыңдау:</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. <b>Ән айту:</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. <b>Билер:</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: « Еркетай»** мектепалды даярлық

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру:</b> Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып жүру. Өртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру. Нұсқаушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшымен еденге қою) жүгіру. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Гимн. скамейка бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылд.-баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтамай жүгіру. Жүрумен алмастыра отырып 100-120м арақашықтыққа жүгіру. Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұз. 20м) жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> 2-2,5м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2м) басынан асыра лақтыру. Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) жүргізу. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақаш. 4-5м)</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Бірнеше заттардан еңбектеп өту. Әртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3м) секіру. Бір орнында тұрып биіктікке секіру. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (40см). Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық ырғақтық жаттығулар:</b> «До Ре Ми»  «Аяқпенен топ топ топ» «Акуленок» Руки вверх и поворот»</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ, ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен толықтыру.</p>

	<p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Әңгімелеушіні мұқият тыңдап, сұрақтарына дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b>  Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта:</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен суреттер арқылы танысу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  Тілдік артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бауарқан, жіп) сөздермен толықтыру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b>  Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.</p> <p><b>Сан және санау.</b>  Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру.</p> <p><b>Шама:</b> Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретін орналастыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> Геометриялық фигуралар</p>

		<p>дөңгелекпен сопақшаны пішінмен салыстыру.  <b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Заттарды кеңістікте бағдарлау (жоғарыда, төменде)  <b>Уақытты бағдарлау:</b> Тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.  <b>Тәулік бөліктерінің ауысуы:</b> Оқиғалардың ретін («алдымен-содан кейін») анықтау.</p>
	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b>  Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.  <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</b>  Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.  <b>Көлік, байланыс құралдары:</b>  Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолдануда қауіпсіздікті сақтау.  <b>Еңбекке баулу.</b>  Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.  <b>Жол қозғалысының ережелері:</b>  Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед) арналған жолдарды білу.  <b>Табиғатпен таныстыру:</b>  Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру («су, ауа, мұз сүңгірлері, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр»); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.  <b>Өсімдіктер әлемі:</b>  Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату.  <b>Жануалармен таныстыру:</b>  Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу.</p>
	<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b>  Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.</p>
	<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).</p>

	<b>Мүсіндеу</b>	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
	<b>Жапсыру</b>	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту.</p> <p><b>Билер:</b> Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау.</p>

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: « Еркетай»** мектепалды даярлық

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қараша айы, 2022-2023 оқу жылы



Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру:</b> Заттардың, кеглдердің арасымен жіптерден аттап жүру. Қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b>  Гимн. скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру. Жүппен жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b>  Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және бір қолмен (оң және сол қолың алмастырып) қағып алу. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Иықтарымен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Өртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан сызықтан секіру. Тұрған орнында айналып секіру. Биіктіктен секіру. 20 см дейінгі биіктікке секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, Орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Адамдардың қарым-қатнасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуға баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды,</p>

	жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
<b>Қазақ тілі</b>	<b>Тілдік дамытушы орта:</b> Тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен танысу және атауыларын атау. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді айтуға дағдыландыру. <b>Сөздік қор:</b> Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран сөздермен толықтыру.
<b>Математика негіздері</b>	<b>Жиын:</b> Жиынның бөліктен үлкен екенің, бөліктің жиыннан кіші екенің салыстыру. <b>Сан және санау:</b> «Қанша?», «Несінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. <b>Шама:</b> Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. <b>Геометриялық фигуралар:</b> Геометриялық фигуралар үшбұрыш және шаршы пішінмен салыстыру. <b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Қозғалыс бағыттары жоғарыдан төменге түсініктерді бекіту. <b>Уақытты бағдарлау:</b> Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. <b>Тәулік бөліктерінің ауысуын:</b> Оқиғалардың ретін (бұрын – кейінірек) анықтау
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b> Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. <b>Көлік, байланыс құралдары</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну: ұялы телефон, смартфон. <b>Еңбекке баулу:</b> Ата-ана еңбегін түсіну. <b>Жол қозғалысының ережелері:</b> Бағдаршам белгілеріне сәйкес жолдан өту. <b>Табиғатпен таныстыру:</b> Табиғат құбылыстары

	(маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. <b>Өсімдіктер әлемі:</b> Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. <b>Жануарлар әлемі:</b> Төрт түліктің жыл әр мезгілдерінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.
<b>Құрастыру</b>	<b>Қағаздан құрастыру.</b> Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
<b>Сурет салу</b>	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
<b>Мүсіндеу</b>	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
<b>Жапсыру</b>	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. <b>Ән айту:</b> Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. <b>Билер:</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: « Еркетай» мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру:</b>Сапта бір-бірден,екеуден,үшеуден жүру.Аяқтың ұшымен,аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.Тізені жоғары көтеріп жүру.Заттардан бір қырымен аттап жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Заттардан аттап жүру. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2мин тоқтамай жүгіру. Жүрумен алмастыра отырып 100-120м арақашықтыққа жүгіру. Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұз. 20м) жүгіру.</p> <p><b>Домалату,лақтыру,қағып алу:</b> 2-2,5м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2м) басынан асыра лақтыру. Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) жүргізу. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақаш. 4-5м)</p> <p><b>Еңбектеу,өрмелеу:</b> Жүрумен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. Кедергілер арасынан еңбектеу. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу. Гимн. скамейка бойымен қолымен тартылып өрмелеу. (арақашықтығы 3-4м).</p> <p><b>Секіру:</b> Бір орында тұрып, алға 3-4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру. Түзу бағытта (арақашықтығы 6м) қос аяқпен секіру. Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру,қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p><b>Тілдің граматикалық құрылымы:</b> Етістіктерді жалғаулармен қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың санымен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>          Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттерден альбомдар жасау.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Тұрмыстық заттарды білдіретін оның ішінде аншылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді жіктеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p><b>Сан және санау:</b> 10 көлеміндегі сандарды салыстыру.</p> <p><b>Шама:</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Қозғалыс бағыттары алға, артқа түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Жыл мезгілдерін білу және атау.</p> <p><b>Тәулік бөліктерінің ауысуы:</b> Эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін қалыптастыруға баулу.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау:</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және анықтау.</p> <p><b>Көлік байланыс құралдары:</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну: компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> Туған өлке,</p>

	<p>ел,Отан,мемлекеттік және халықтық мерекелер,еліміздің рәміздері,оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Жол қозғалыс ережелері:</b>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін,жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру:</b>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b>Өсімдік жапырақтары,сабақтарының қозғалуы жайында білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b>Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып,жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Билер:</b> Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын,ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен,ән-күйлерімен,дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенің түсіндіру.</p>

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: «Еркетай» мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
------------	----------------------------------	--

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру:</b> Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып жүру. Өртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру. Нұсқаушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Гимн. скамейка бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Шашырап жүгіру. Жұппен жүіру. Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және бір қолмен (оң және сол қолын алмастырып) қағып алу. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Бірнеше заттардан еңбектеп өту. Өртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3м) секіру. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (40 см) Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
<p>қаңтар</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы соңы).</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатнас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Монологты байланыстырып құра білу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:</b> Бақылаулар суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруды қолдану.</p>



<b>Көркем әдебиет</b>	Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру.
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы,ортасы,соңы).</p> <p><b>Сөздік қор:</b>Тұрмыстық заттарды білдіретін соның ішінде мал өсіруге байланысты (қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға) сөздерімен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің граматикалық құрылымы:</b>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>Өз бетінше қарым-қатнас жасауға,әңгімелесуге,әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> «Бір» сөзінің мағынасы,ол тек бір затты ғана емес,сондайақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінің түсіндіру.</p> <p><b>Сан және санау:</b>Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p><b>Шама:</b> Шартты өлшемінің көмегімен заттардың ұзындығын,енін,биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар:</b> Денелерді (шар,текше,цилиндр) дұрыс атау.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала,оның отбасы,үйі.</b> Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну,өзін-өзі құрметтеу,өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p><b>Заттық әлем,кеңістікті бағдарлау:</b>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p><b>Көлік байланыс құралдары:</b> Арнайы көлік құралдарының</p>

	<p>түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну: компьютер,ғаламтор,теледидардың қолданылуын білу.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> Еңбек ардагерлерін,қарттарды құрметтеу,үлкенді сыйлау,олардың еңбегін бағалау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> Қазақстан Республикасының Президенті,оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.</p> <p><b>Жол қозғалыс ережелері:</b> Жол қозғалысының қарапайым ережелерін,жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру:</b> Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән,сипаттамалық белгілерін бақылау,талдау,салыстыру,ажырату.</p> <p><b>Өсікдіктер әлемі:</b> Гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы,тамырдың суды сорып,сабағы арқылы су өткізіп,басқа бөліктерін қоректендіруі жайында мағлұмат беру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> Құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу,</p>

		әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.
--	--	--

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: «Еркетай» мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Жүру:</b> Заттардың, кеглдердің арасымен жіптерден аттап жүру. Қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Гимн. скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2мин тоқтамай жүгіру. Жүрумен алмастыра отырып 100-120м арақашықтыққа жүгіру. Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (үз. 20м) жүгіру.</p> <p><b>Домалату,лақтыру,қағып алу:</b> 2-2,5м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2м) басынан асыра лақтыру. Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) жүргізу. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақаш. 4-5м).</p> <p><b>Еңбектеу,өрмелеу:</b> Иықтарымен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Әртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан сызықтан секіру. Тұрған орнында айналып секіру. Биіктіктен секіру. 20 см дейінгі биіктікке секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру,қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
Ақпан	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудегі дыбыстық мәдениеті:</b> Дауысты дыбыстардың айтылуы және дыбысталуын айтуды үйрену.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну,оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы,сұраулы,лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p>
	<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дерек көздерден :ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен</p>

	алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолымен жол аралық кеңістікті ажырата білуге үйрету.
<b>Қазақ тілі</b>	<b>Тілдік дамытушы орта:</b> Ауызекі сөйлеуде мақа-мәтелдерді,көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,ынталандыру. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. <b>Сөздік қор:</b> Тұрмыстық заттардың ішінде егіншілік кәсіпке байланысты(дән,тұқым,суару,отау,ору,диірмен,орақ,кетпен,шалғы,айыр,күрек,тырма,соқа) сөздермен толықтыру.
<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан және санау.</b> Теңдік туралы түсінік қалыптастыру,әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. <b>Шама:</b> Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес затты бөліп алу. <b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғаларды ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала,оның отбасы,үйі:</b> Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты,атасы мен әжесі,жақын туыстары,нағашы жұрты),өзінің жеті атасын білу. <b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Үй-жайларда,балабақша ауласында еркін бағдарлай білу. <b>Көлік байланыс құралдары:</b> Компьютер,ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау <b>Еңбекке баулу:</b> Шамасы келетін,бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,дербестік пен жауапкершілікке баулу. <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> Мемлекеттік мерекелердің (жаңа жыл,халықаралық әелдер күні,наурыз мейрамы,Қазақстан халқының бірлігі мерекесі,Отан қорғаушы күні,ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну. <b>Табиғатпен таныстыру:</b> Адам өмірі үшін судың,құмның,күн,ай сәулесінің,саздың,тастардың маңызын түсіну. <b>Өсімдіктер әлемі:</b> Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың,жарықтың,жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылудың,суықты,күнді немесе бұлтты ауа-райын сезу,олардың өсуі мен көбеюі. <b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді,

	жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.
<b>Құрастыру</b>	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдардан жасалғанын зерттеу.
<b>Сурет салу</b>	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
<b>Жапсыру</b>	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру.
<b>Музыка</b>	Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: «Еркетай» мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
------------	----------------------------------	--

	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жүру:</b> Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру. Тізені жоғары көтеріп жүру. Заттардан бір қырымен аттап жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Заттардан аттап жүру. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Шашырап жүгіру. Жұппен жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.</p> <p><b>Домалату,лақтыру,қағып алу:</b> Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және бір қолмен (оң және сол қолың алмастырып) қағып алу. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу,өрмелеу:</b> Жүрумен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. Кедергілер арасынан еңбектеу. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4м). Гимн. скамейка бойымен қолымен тартылып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Бір орында тұрып, алға 3-4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Түзу бағытта (арақашықтығы 6м) қос аяқпен секіру. Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру,қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
наурыз	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөздік қор</b> Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу</p> <p><b>Тілдің граматикалық құрлымы</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді,салыстыруларды қолдану.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балалардың назарын кітаптытың безендірілуіне,иллюстрацияларына аудару.Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дерексөздерден:ғаламтордан,теледидардан,жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен,эсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту,сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға байлу.</p>
	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс,</p>

	еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу
<b>Қазақ тілі</b>	Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.
<b>Математика негіздері</b>	<b>Геометриялық фигуралар:</b> Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту. <b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. <b>Уақытты бағдарлау:</b> Апта күндерін атау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету. <b>Кеңістікті бағдарлау:</b> Жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. <b>Еңбекке баулу:</b> Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу. <b>Адамгершілікке баулу:</b> Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту <b>Жол қозғалыстар ережелері</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау <b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. <b>Жануарлар әлемі:</b> Жануарларды әр түрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер деп топтастыру.
<b>Құрастыру</b>	Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан жасалғанын зерттеу.
<b>Сурет салу</b>	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана



	<p>отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру. жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, дайын үлілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p>

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: « Еркетай»** мектепалды даярлық

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
------------	----------------------------------	--

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Жүру:</b> Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып жүру  Өртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру. Нұсқаушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Гимн. скамейка бойымен жүру.</p> <p><b>Жүіру:</b> Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2мин тоқтамай жүгіру. Жүрумен алмастыра отырып 100-120м арақашықтыққа жүгіру. Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұз. 20м) жүгіру.</p> <p><b>Домалату,лақтыру,қағып алу:</b> 2-2,5м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2м) басынан асыра лақтыру. Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4м) жүргізу. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақаш. 4-5м)</p> <p><b>Еңбектеу,өрмелеу:</b> Бірнеше заттардан еңбектеп өту. Әртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3м) секіру. Бір орында тұрып биіктікке секіру. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (40см). Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру</p> <p><b>Сапқа тұру,қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық ырғақтық жаттығулар:</b> «До Ре Ми» «Аяқпенен топ топ топ» Акуленок» «Руки вверх и поворот»</p>
<p><b>сәуір</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>Дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-з,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Тілдің граматикалық құрылымы:</b>Зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>Ойыншықтарды,заттарды,сюжеттік суреттер,табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер</p>

	бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру
<b>Көркем әдебиет</b>	Шешендікке,сөз өнеріне баулу,санамақ,жаңылтпаш айту,жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Буын</b> Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
<b>Қазақ тілі</b>	<b>Байланыстырып сөйлеу</b> Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға,кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан және санау:</b> Заттардың саны олардың көлеміне,арасындағы қашықтыққа,пішінге,орналасуына,сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенің түсіндіру. <b>Геометриялық фигуралар.</b> Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу,бүтін мен бөлікті салыстыру,8-10 бөліктерден пішіндерді жинап,құрастыру. <b>Кеңістікті бағдарлау</b> Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Еңбекке баулу:</b> кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға,жоспарланған нәтижеге жетуге,өзі мен құрдастарының еңбегінің,шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. <b>Адамгершілікке баулу</b> Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні,Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні,Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну,оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров,Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. <b>Табиғатпен таныстыру.</b> Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну <b>Өсімдіктер әлемі:</b> Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>Жануарлар әлемі:</b> Жануарлардың мекендеу орны (орман,шалғын,су

	айдыны,бақша,бақ,алаң) бөлінетінің түсіндіру.
<b>Құрастыру</b>	Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға,алдағы жұмысты бірге жоспарлауға,бір-бірімен келісіп орындауға дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
<b>Сурет салу</b>	Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқа-бламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының түрлі зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.)безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
<b>Жапсыру</b>	Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру
<b>Музыка</b>	Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

**Білім беру ұйымы: «Мирас KZ-2030»**

**Топ: « Еркетай»** мектепалды даярлық

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
------------	----------------------------------	--

<b>мамыр</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жүру:</b> Заттардың, кеглдердің арасымен жіптерден аттап жүру. Қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Гимн. скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p><b>Жүгіру:</b> Шашырап жүгіру. Жұппен жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.</p> <p><b>Домалату,лақтыру,қағып алу:</b> Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және бір қолмен (оң және сол қолың алмастырып) қағып алу. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. Өртүрлі тәсілмен құрсаудың ішінен еңбектеп өту. Гимн. қабырғамен өрмелеу. Бір гимн. қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p><b>Секіру:</b> Оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан сызықтан секіру. Тұрған орнында айналып секіру. Биіктіктен секіру. 20 см дейінгі биіктікке секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру,қайта сапқа тұру:</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. Оңға солға бұрылу, орнында айналу. Сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, Сюжетті таңдауда бастамашылықпен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
	<b>Сауат ашу негіздері</b>	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау
	<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер</p>

	<p>бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Геометриялық фигуралар.</b>          Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру  <b>Кеңсікті бағдарлау</b>          Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінің білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.  <b>Еңбекке баулу:</b> Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбеімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.  <b>Адамершілік және патриоттық тәрбие:</b>          Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.  <b>Табиғатпен таныстыру.</b>          Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.  <b>Жануарлар әлемі:</b> жануарлардың қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу) болатыны жайлы түсінік қалыптастыру.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b>          Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p>

	Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
<b>Мүсіндеу</b>	Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	Қайшы мен желімді құрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
<b>Музыка</b>	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.